



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

ЕРЕЖЕ




**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
(PhD ДОКТОРАНТУРА)**

№ 227

Атырау 2024 ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ (PhD ДОКТОРАНТУРА)	2 бет, 40 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Ғылым департаменті директоры	А.М.Бакирбекова		18.12.24
	ЖОО кейінгі білім беру бөлімінің басшысы	Э.М.Адиетова		18.12.24
Келісілді	Ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор	К.М.Утепкалиева		19.12.24
	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	А.Е.Чукуров		19.12.24
	Вице-проректор (цифрлық офицер)	Ж.О.Сулейменова		19.12.24
	Персоналды басқару және дамыту бөлімінің жетекшісі	Е.Т.Нұрпейісов		20.12.24
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшыгулова		20.12.24
	Заңгер	К.С. Куанов		20.12.24

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ (PhD ДОКТОРАНТУРА)	3 бет, 40 беттен тұрады

МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Терминдер мен анықтамалар	5
4	Белгілер мен қысқартулар	6
5	Докторантура білім беру деңгейінің міндеттері	6
6	Докторантураның білім деңгейін жоспарлау	7
7	Докторантураның білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар	8
8	Докторанттар контингентін қалыптастыру	9
9	Докторантура деңгейі бойынша оқу процесін ұйымдастыру	9
10	Ғылыми кеңесшіге қойылатын талаптар	10
11	Тақырыптарды бекіту тәртібі	13
12	Ғылыми-зерттеу жұмысы	13
13	ДФЗЖ орындалуын бақылау және бағалау	16
14	PhD докторанттың шетелдік ғылыми тағылымдамалары	17
15	Диссертацияға қойылатын талаптар	20
16	Жауапкершілік және өкілеттіктер	25
17	Өзгерістер енгізу	25
18	Келісу, сақтау, тарату	25
	Қосымшалар	26-38
	Келісу парағы	39
	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	40

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ (PhD ДОКТОРАНТУРА)	4 бет, 40 беттен тұрады

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1. «Докторантура деңгейі бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) докторантураның білім деңгейі бойынша жұмысты ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.

1.2. Ереже қоғамның нормативтік құжаттамасының құрамына кіреді және оның талаптары қоғамның жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар докторанттарды даярлаудың өмірлік цикліне тартылған барлық құрылымдық бөлімшелер (институттар, кафедралар, қаржы және ғылыми бөлімшелер және т. б.) үшін міндетті болып табылады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Ереже келесі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленді:

- «Білім туралы» ҚР Заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен (бұдан әрі – Типтік қағидалар) бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік Қағидалары.

2.2. Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

- «Білім туралы» ҚР Заңы;
- «Ғылым және технологиялық саясат туралы» ҚР Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі №103-VIII ҚРЗ;
- ҚР БҒМ 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген ғылыми дәрежелерді беру Қағидалары;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;
- «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 18 шілдедегі № 352 бұйрығы;
- «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 294 «Диссертациялық Кеңес туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы бұйрығы.
- 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі/ Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы 2024 жылғы 5 қаңтардағы №4 бұйрығы.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ (PhD ДОКТОРАНТУРА)	5 бет, 40 беттен тұрады

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Академиялық күнтізбе	демалыс (каникул) күндерін көрсете отырып, оқу жылы ішінде оқу сабақтарын және бақылау іс-шараларын өткізу кестесі
Академиялық демалыс	білім алушы денсаулық жағдайы бойынша, оның ішінде жүктілік және босану бойынша оқуын уақытша тоқтататын кезең
Академиялық кезең	жоғары оқу орны екі форманың бірінде таңдаған теориялық оқу кезеңі: 15 апталық семестр, 6-8 апталық үшінші семестр
Докторант	докторантурада оқитын білім алушы
Докторантура	философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіби қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, білім беру бағдарламалары
Докторлық диссертация	докторанттың ғылыми жұмысы, ол дербес зерттеу болып табылады, онда теориялық ережелер әзірленген, олардың жиынтығы жаңа ғылыми жетістік немесе ғылыми мәселені шешу немесе ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдерді ұсыну ретінде жіктелуі мүмкін, оларды енгізу ел экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосады
Бейін бойынша доктор	тиісті кәсіптік қызмет саласы бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәреже.
Философия докторы (PhD)	ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәреже.
Есеп	нақты жұмыстың орындалу фактісін растайтын қорытынды мәтіндік, графикалық немесе басқа нысандағы құжат
Докторанттардың педагогикалық практикасы	оқытудың практикалық дағдылары мен әдістемесін қалыптастыру мақсатында жүргізілетін докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының түрі
Докторанттардың зерттеу практикасы	отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің, эксперименттік деректерді өңдеудің және түсіндірудің заманауи әдістерімен танысуға бағытталған оқу жұмысының түрі
Жазғы семестр	оқу бағдарламаларындағы академиялық қарыздар мен айырмашылықтарды жою, сондай-ақ қосымша оқыту үшін қосымша семестр

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ (PhD ДОКТОРАНТУРА)	6 бет, 40 беттен тұрады

Еуропалық трансферт (аударым) және кредит жинақтау жүйесі (ECTS)	білім беру бағдарламаларының компоненттеріне (пәндерге, курстарға, модульдерге) кредиттік бірліктерді (кредиттерді) беру тәсілі, олардың көмегімен білім алушылар меңгерген оқу пәндерін (кредиттермен және бағалармен) салыстыру және қайта есептеу білім беру траекториясын, оқу орнын және оқу елін ауыстыру кезінде жүзеге асырылады
Академиялық ұтқырлық	білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге: семестрге немесе оқу жылына басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) оқыту немесе зерттеу жүргізу үшін өз ЖОО-да кредиттер түрінде игерілген білім беру бағдарламаларын міндетті түрде қайта есептей отырып немесе басқа ЖОО-да оқуын жалғастыру үшін ауыстыру
Транскрипт	пәндерді және олар үшін алынған бағаларды тізімдей отырып, үлгерім туралы құжат
Мақсатты дайындық	жұмыс беруші ұйыммен шарттық қатынастар негізінде даярлаудың (мамандықтың) таңдалған бағыты бойынша кәсіби мансап құру мүмкіндігі

4. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

4.1. Осы Ережеде мынадай қысқартулар пайдаланылды:

ЖКББҰ	– Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
МЖМБС	– Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ДЖОЖ	– Докторанттың жеке оқу жоспары
ЭПК	– Элективных пәндер каталогі
ҒЗИ	– Ғылыми зерттеу институты
ДҒЗЖ	– Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы
ЖОКББ	– Жоғары және (немесе) оқу орнынан кейінгі білім бөлімі
ЖОЖ	– Жұмыс оқу жоспары
ДӨЖ	– Докторанттың өзіндік жұмысы
ДООЖ	– Докторанттың оқытушымен өзіндік жұмысы
ПОӘК	– Пәннің оқу-әдістемелік кешені
ЖОЖ	– Жеке оқу жоспары
ҚР ҒЖБМ	– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің
ҒЖБССҚК	Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті

5. ДОКТОРАНТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

5.1. Жалпы бақылауды Басқарма мүшесі – Ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі Проректор жүзеге асырады.

5.2. Ережені Қоғамның профессорлық-оқытушылық құрамы және докторантураның білім беру процесінің барлық қатысушылары орындауы керек.

5.3. «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Докторантура» процесінің блок-схемасы және кіру/шығу матрицасы осы Ережеге 1-қосымшада ұсынылған.

5.4. PhD докторантураның міндеттері:

1) Тәуелсіз ойлауға және қоғамның прогрессивті ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын қамтамасыз етуге қабілетті, жоғары рухани-адамгершілік қасиеттері бар бәсекеге қабілетті жоғары білікті кадрларды елдің даму перспективаларын ескере отырып даярлау;

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ (PhD ДОКТОРАНТУРА)	7 бет, 40 беттен тұрады

2) Кәсіптік білім беру саласындағы жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыру, мамандарды көп деңгейлі даярлау жүйесіне тұтас сипат беру, жоғары оқу орындарында оқыту процесін даралау және саралау қағидатын іске асыру үшін жағдайлар жасау;

3) Ұйымдардың тапсырыстары бойынша мамандарды нысаналы даярлауды қамтамасыз ету;

4) Ғылым мен педагогикалық қызметтің таңдалған бағытында білім алушылардың теориялық және практикалық жеке дайындығын тереңдету, (PhD) докторанттардың әлемнің ғылыми бейнесін тұтас қабылдауды қамтамасыз ететін неғұрлым маңызды және тұрақты білімді игеруі;

5) Білім алушылардың өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту қабілеттерін, олардың барлық белсенді қызметі барысында жаңа білімді өз бетінше шығармашылық игеру қажеттіліктері мен дағдыларын дамыту;

6) Кәсіби мәдениеті жоғары, оның ішінде азаматтық ұстанымы бар, заманауи ғылыми және практикалық мәселелерді тұжырымдай алатын және іс жүзінде шеше алатын, жоғары оқу орындарында сабақ бере алатын, зерттеу және басқару қызметін табысты жүзеге асыра алатын кәсіби қарым-қатынас мәдениеті бар мамандарды даярлау.

5.5. PhD докторантураның негізгі мақсаттары

1) Іргелі және қолданбалы ғылымды, жоғары кәсіптік білім беру және мемлекеттік басқару жүйесін, мәдениетті сыртқы және ішкі еңбек нарығында табысты бәсекеге қабілетті жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету;

2) Әлемдік білім беру және ғылыми - ақпараттық жүйеге интеграцияға қол жеткізу;

6. ДОКТОРАНТУРАНЫҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН ЖОСПАРЛАУ

6.1. Ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау кемінде үш жыл оқу мерзімімен философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін бере отырып, докторантурада жүзеге асырылады. Докторантурада оқыту тек күндізгі нысанда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде немесе шарттық негізде жүзеге асырылады.

6.2. Докторантурада кадрлар даярлау екі бағыт бойынша докторантураның білім беру бағдарламалары базасында жүзеге асырылады:

1) ғылыми-педагогикалық оқу мерзімі кемінде үш жыл;

2) бейінді оқу мерзімі кемінде үш жыл.

6.3. Докторантты даярлау деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білімнің үшінші деңгейіндегі Дублиндік дескрипторлар (докторантура) негізінде айқындалады және оқытудың қол жеткізілген нәтижелерінде көрсетілген игерілген құзыреттерді көрсетеді.

6.4. Үшінші деңгейдегі дескрипторлар жоғары білім берудің еуропалық кеңістігінің (ҚР-ЖББЕК) біліктіліктерінің жан-жақты шеңберінде білім алушының қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді:

1) зерттеу саласын жүйелі түсінуді, осы салада қолданылатын дағдылар мен зерттеу әдістерін меңгеруді көрсету;

2) ғылыми көзқараспен маңызды зерттеу процесін ойлау, жобалау, енгізу және бейімдеу қабілетін көрсету;

3) ұлттық немесе халықаралық деңгейде жариялауға лайық ғылыми саланың шекараларын кеңейтуге өзіндік зерттеулермен үлес қосу;

4) жаңа және күрделі идеяларды сыни тұрғыдан талдау, бағалау және синтездеу;

5) өз білімі мен жетістіктерін әріптестеріне, ғылыми қоғамдастыққа және жалпы жұртшылыққа жеткізу;

6) білімге негізделген қоғамның технологиялық, әлеуметтік немесе мәдени дамуының академиялық және кәсіби контекстінде ілгерілеуге ықпал ету.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ (PhD ДОКТОРАНТУРА)	8 бет, 40 беттен тұрады

6.5. Докторантураның барлық деңгейлері бойынша білім беру мазмұны, оқу процесін ұйымдастыру және өткізу тәсілін жоспарлау кредиттік оқыту технологиясы негізінде жүзеге асырылады.

6.6. Оқыту нәтижелері жекелеген модульдер немесе оқу пәндері деңгейінде іске асырылады.

6.7. Докторантураның білім беру бағдарламасын меңгерген және докторлық диссертация қорғаған адамдарға, ерекше мәртебесі бар қоғамның диссертациялық кеңестерінің немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің оң шешімі болған кезде жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі беріледі және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығына сәйкес диплом беріледі «Дәрежелерді беру Қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді Мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген) және қосымша (транскрипт), «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 18 шілдедегі № 352 бұйрығы;

7. ДОКТОРАНТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1. Докторантураның білім беру бағдарламасы келесі кезеңдерден тұрады:

1) негізгі және бейіндік пәндер циклдарын зерделеуді қамтитын теориялық оқыту;
2) докторанттарды практикалық даярлау: практика түрлері, ғылыми және кәсіби тағылымдамалар;

3) Докторантураның білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігінің ғылыми компоненті докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысынан (бұдан әрі – ДҒЗЖ), ғылыми жарияланымдардан, докторлық диссертацияны жазудан және қорғаудан қалыптастырылады. Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының көлемі, тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қоса алғанда докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 123 академиялық кредитті құрайды.

Теориялық оқыту, оның ішінде негізгі бейіндік пәндердің циклдарын зерделеу – 45 академиялық кредит. Практикалық дайындық: педагогикалық және зерттеу практикасы-20 академиялық кредит.

4) қорытынды аттестаттау - докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 12 академиялық кредитті құрайды және диссертациялық жұмыс немесе мақалалар сериясы түрінде өткізіледі.

7.2. Докторантураның білім беру бағдарламасы барлық оқу қызметін – дәрістерді, семинарларды, топтық сабақтарды, практикалық сабақтарды, курстық жұмыстарды (жобаларды), практикалық және зертханалық жұмыстарды, студиялық сабақтарды, практикаларды, ғылыми немесе кәсіптік тағылымдамаларды, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, докторлық диссертацияны, өзіндік жұмысты, оның ішінде оқытушының басшылығымен орындауды қамтиды.

7.3. Докторанттың оқу жүктемесі академиялық кезеңдерден бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес (семестр – 15 апта, триместр – 10 апта, тоқсан сайын – 7-8 апта), қорытынды аттестаттау кезеңінен (бітіру курсында) тұрады.

7.4. Оқу жүктемесіне докторанттың барлық оқу қызметі – дәрістер, семинарлар, топтық сабақтар, топтық жаттығулар, практикалық және зертханалық жұмыстар, студиялық сабақтар, өндірістегі практика, ғылыми немесе кәсіби тағылымдама, ғылыми-зерттеу жұмысы, докторлық диссертация жазу және қорғау, дербес жұмыс, оның ішінде ғылыми

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ (PhD ДОКТОРАНТУРА)	9 бет, 40 беттен тұрады

жетекшінің басшылығымен жұмыс кіреді.

8. ДОКТОРАНТТАР КОНТИНГЕНТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

8.1. Докторанттар контингентін қалыптастыру 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрықпен бекітілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Типтік қағидаларға және Қоғамның жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі бойынша Қабылдау қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

8.2. Докторанттарды қабылдау барысында алдыңғы деңгейдегі оқыту нәтижелері магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні МЖМБС сәйкес келген жағдайда автоматты түрде танылады.

8.3. Докторантура білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білімнің білім беру бағдарламасына сәйкес келмеген жағдайда докторантураның тиісті кәсіптік оқу бағдарламасын игеру үшін пререквизиттер белгіленеді, олардың тізбесін Қоғам айқындайды.

8.4. Игеру пәндерін докторанттар оқуға қабылдау бұйрығы шыққанға дейін немесе 1 семестрдегі теориялық оқу мерзімімен қатар оқуға құқылы.

8.5. Пререквизиттер Қоғам Басқармасының отырысында бекітілген тариф бойынша ақылы негізде игеріледі.

8.6. Докторантура білім беру деңгейінде игерілетін пререквизиттер саны 15 кредиттен аспауы тиіс.

8.7. Әр білім беру бағдарламасы бойынша игеру пәндері жаңа оқу жылы қабылдау басталғанға дейін кафедра, факультет деңгейінде қарастырылып, Қоғамның оқу-әдістемелік кеңесінде бекітіледі немесе арнайы онлайн микрокредиттік пәндер арқылы ақылы негізде ұсынылады;

8.8. Кафедра докторанттарын қабылдағаннан кейін жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөліміне әрбір докторанттың пәндер айырмашылығына (пререквизит) өтінішін тапсырады және төлегеннен кейін пәндерді игеру үшін Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығы шығарылады;

8.9. Әрбір докторантқа пәндерді игеру үшін арнайы сабақ кестесі құрылады (жоғары оқу орынынан кейінгі білім бөлімі) және кестеге сәйкес емтихандарын тапсырады.

9. ДОКТОРАНТУРА ДЕНГЕЙІ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

9.1. Оқу және бақылау кезеңдерін ұйымдастыру мерзімдері, практика және демалыс кезеңдері, сондай-ақ оқу жылы ішінде ұйымдастыру іс-ашараларының кезеңдері бекітілген академиялық күнтізбе негізінде іске асырылады.

9.2. Докторантура білім беру бойынша Академиялық күнтізбені және оқу процесінің кестесін ЖООКБ бөлімі дайындайды, Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректорымен келісіліп, Қоғамның ғылыми кеңесінде бекітіледі.

9.3. Докторантураның білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру кафедра оқу жоспарлары негізінде жүзеге асырылады. Докторанттың оқу жоспарлары жеке оқу жоспары (ЖОЖ) және жұмыс оқу жоспары (ЖОЖ) болып бөлінеді.

9.4. Жұмыс оқу жоспары сабақ кестесін құруға және профессор-оқытушылар құрамының оқу жұмысының сыйымдылығын есептеуге негіз болады.

9.5. Докторанттардың нақтыланған контингенті, докторанттардың жеке жұмыс жоспарлары және мамандықтың бекітілген оқу жоспарлары негізінде белгіленген талаптарға сәйкес кафедраның оқу жүктемесі есептеледі.

9.6. ЖООКББ бөлімі докторантураның академиялық топтарының оқу сабақтарының кестесін жасайды. Сабақ кестесін Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыс және халықаралық

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ (PhD ДОКТОРАНТУРА)	10 бет, 40 беттен тұрады

байланыстар жөніндегі проректормен келісіледі. Сабақ кестесі Қоғам автоматтандырылған ақпараттық жүйесі «Platonus» (asu-edu.kz) платформасында жасалынады.

9.7. Кафедра ДООЖ өткізу кестесін жасайды.

9.8. Кафедраға бекітілген докторанттар бекітілген ЖОЖ негізінде жеке оқу жұмыс жоспарларын әзірлейді.

9.9. Әр докторанттың ЖОЖ ғылыми жетекшімен бірге жасалынып, оқитын кафедра отырысында талқыланады және Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректорымен бекітіледі (қосымша 2). Қажет болған жағдайда ЖОЖ жыл сайын нақтыланып, қайта бекітіледі.

9.10. Докторанттың ЖОЖ келесідей бөлімдерден тұрады:

- ғылыми-зерттеу жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, мерзімі және есеп беру нысаны);
- практика және ғылыми тағылымдама (бағдарлама, база, мерзімі және есеп беру нысаны);
- докторлық диссертацияның тақырыбы, негіздемесі және құрылымы;
- докторлық диссертацияны орындау жоспары;
- ғылыми жарияланым жоспары;
- теориялық оқу мерзімі.

10. ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

10.1. Докторлық диссертацияны басқару үшін докторантқа оқуға түскеннен кейін екі ай ішінде ғылыми басшылық тағайындалады.

10.2. Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға докторанттарға ғылыми басшылықты ғылым докторлары немесе кандидаттары немесе философия докторлары (PhD) қатарынан тағайындалатын кемінде 2 адамнан тұратын консультанттар жүзеге асырады, олардың бірі-шетелдік ЖОО ғалымы.

10.3. Ғылыми кеңесшілер ғылымның осы саласында (мамандық бейіні бойынша) ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын және ғылыми жетекшілік ету тәжірибесі бар адамдар бола алады.

10.4. Ғылыми консультанттардың кандидатуралары Қоғамның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

10.5. Қажет болған жағдайда жыл сайын Ғылыми кеңестің шешімімен докторанттардың ғылыми кеңесшілерінің тізімі бекітіледі.

10.6. Қажет болған жағдайда докторанттарға ғылыми қызметпен айналысатын және ғылыми басшылық үшін әлеуеті бар қоғамның ғылым кандидаттары мен PhD докторлары арасынан басшылар мен консультанттар тағайындалуы мүмкін.

10.7. Отандық ғылыми кеңесшіге қойылатын талаптар:

- докторанттардың диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшілік ету Қоғамның оқытушылары мен қызметкерлеріне жүктеледі:
 - «ғылым докторы» немесе «ғылым кандидаты» немесе «философия докторы (PhD)» ғылыми дәрежесі және/немесе «философия докторы (PhD)» академиялық дәрежесі және /немесе «философия докторы (PhD)» дәрежесі;
 - ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі үш жылдан кем емес;
 - 8D05 «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», 8D06 «Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар» кадрларын даярлау бағыттары бойынша WEB of Science Core Collection (Сайнс Кор collection веб-сайты) JCR (ЖЖҚ) деректері бойынша 1, 2, 3 кuartильге кіретін немесе процентиль көрсеткіші бар халықаралық

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ (PhD ДОКТОРАНТУРА)	11 бет, 40 беттен тұрады

рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 мақала CiteScore (СайтСкор) бойынша кемінде 35 немесе Хирш индексі 2 немесе одан көп;

– *дайындықтың қалған бағыттары бойынша*, ғылыми қызмет нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне енгізілген бейіні бойынша басылымдарда 5 ғылыми мақаланың және JCR (ЖЖЖ) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded, Social Science Citation базаларының бірінде индекстелетін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда бір ғылыми мақаланың авторы болып табылады Index немесе Arts and Humanities Citation Index Web of Science Core Collection (Сайнс Кор collection веб-сайты) не Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша кемінде 35 процентиль көрсеткіші бар;

10.8. Бір ғылыми кеңесшіге бір мезгілде 3 докторанттан артық бекітілмейді;

10.9. Отандық ғылыми кеңесші бекітілген нормативтік құжаттар негізінде докторлық диссертацияны дайындауға басшылық жасау бойынша өз қызметін білуі және жүзеге асыруы тиіс;

10.10. Ғылыми консультанттар докторлық диссертацияның орындалуын және академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын және диссертациялық жұмысты қорғауға уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

10.11. Отандық ғылыми кеңесші білуі керек:

– Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың басым бағыттары;
– ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері және ғылыми мамандану саласындағы ғылымның әлемдік жетістіктері;

– теориялық және эксперименттік ғылыми зерттеулер жүргізу дағдыларын және заманауи ғылыми-зерттеу әдіснамасын меңгеру;

– статистикалық өңдеу және деректерді талдау үшін қажетті компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру.

10.12. Шетелдік ғылыми кеңесшіге қойылатын талаптар

– PhD докторанттарының шетелдік ғылыми консультанттары ынтымақтастық туралы шарттар шеңберінде (шарттар жасасуға ғылым департаменті жауапты) немесе халықаралық рейтингтерде алғашқы 1000 позицияны немесе тиісті рейтингтер бойынша алғашқы 200 позицияны иеленген жетекші шетелдік ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарында жүзеге асырылатын алыс шет елдердің жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу ұйымдарының жетекші ғалымдарын тағайындайды (by Subject (бай сабджект)).

– PhD докторантурада бір шетелдік ғылыми кеңесшіге бір мезгілде 3 докторанттан артық бекітілмейді.

10.13. PhD докторанттың, бейіні бойынша доктордың шетелдік консультанты:

– тиісті мамандықтар немесе докторанттың диссертациялық зерттеу бейіні бойынша PhD докторы дәрежесінің болуы;

– Clarivate немесе Scopus базасының деректері бойынша жоғары импакт-факторы бар рейтингтік халықаралық журналдарда докторанттың диссертациялық зерттеу бейіні бойынша соңғы 5 (бес) жылдағы жарияланымдардың болуы;

– докторанттың мамандануы саласында ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын және ғылыми жетекшілік ету тәжірибесі бар;

– қазіргі заманғы материалдық-техникалық базасы және халықаралық ақпараттық желілерге, кітапхана қорларына, компьютерлік технологияларға, электрондық деректер базаларына, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерге қолжетімділігі бар жетекші шетелдік оқу немесе ғылыми мекеменің атынан өкілдік ету;

– оқытудың заманауи интерактивті әдістері мен технологияларын меңгеру, оларды оқу процесінде пайдалану;

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ (PhD ДОКТОРАНТУРА)	12 бет, 40 беттен тұрады

– докторантураның аккредиттелген білім беру бағдарламаларын іске асыратын келісім (Меморандум) шеңберінде жетекші шетелдік оқу немесе ғылыми мекеменің атынан өкілдік ету.

10.14. Ғылыми кеңесшінің (отандық және шетелдік) міндеттері мен құқықтары

– Ғылыми кеңесшілер докторанттың жеке жұмыс жоспарын орындауға және диссертациялық жұмысты уақтылы ұсынуға жауапты.

Отандық кеңесшінің міндеттері:

- докторантқа диссертациялық зерттеудің тақырыбы мен жоспарын анықтауда көмек көрсету;
- докторантпен бірлесіп докторанттың жеке жұмыс жоспарын әзірлеу, докторанттың ҒЗЖ орындауы бойынша жұмысты тиімді ұйымдастыру, сондай-ақ диссертациялық зерттеудің (Research proposal) ғылыми негіздемесін әзірлеу;
- ДҒЗЖ орындау бойынша бағалау жүргізу және әрбір академиялық семестрдің соңында кері байланыс беру;
- докторантпен бірлесіп зерттеу практикасы бағдарламасын әзірлеу, докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысын орындау бойынша жүйелі бағалау жүргізу;
- зерттеу нәтижелерін таныстыру мақсатында ғылыми журналдарда зерттеу нәтижелерін дайындауға және жариялауға, докторанттың халықаралық конференцияларға қатысуына жәрдемдесу;
- ҚР және ішкі нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес белгіленген мерзімде докторантпен бірлесіп, докторанттың докторлық диссертациясын қоғамдық қорғауға қатысу;
- әріптестермен және докторантпен қызметтік қарым-қатынаста тұлғааралық қатынастардың этикалық нормалары мен ережелерін сақтау;
- докторанттың бекітілген ғылыми-зерттеу жұмыс жоспарының орындалуына жауапты болады және әр семестрде Д
- ҒЗЖ докторанттарының орындауы бойынша аттестаттау комиссиясына есеп беруге міндетті;

Шетелдік кеңесшінің міндеттері:

- отандық ғылыми кеңесшімен бірлесіп докторанттың диссертациясының тақырыбын электрондық пошта, жеке кездесулер және онлайн консультант арқылы айқындау;
- диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесін әзірлеуде консультациялық көмек көрсету (Research proposal);
- диссертациялық жұмыс жоспары мен ғылыми зерттеу әдістерін келісу және ұсыну. Қажет болған жағдайда докторант диссертациясының жоспары мен мазмұнына түзетулер енгізу және ескертулер туралы уақтылы хабарлау;
- Clarivate (ISI Web of Knowledge) компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импактфакторы бар немесе Scopus компаниясының дерекқорына кіретін ғылыми журналдарда мақалалар дайындауға және жариялауға жәрдемдесу.
- докторанттың шетелдік ғылыми-зерттеу тағылымдамасына және оның халықаралық конференциялар мен басқа да ғылыми форумдарға қатысуына жәрдемдесу;
- отандық ғылыми кеңесшімен бірлесіп докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының белгіленген мерзімде орындалу барысын бақылау;
- мүмкіндігінше докторанттың докторлық диссертациясын көпшілік алдында қорғауға қатысу;
- академиялық кезеңде докторанттың орындаған диссертациялық жұмысына жазбаша пікір беру.

10.15. Ғылыми жетекшілерді тағайындау және ауыстыру

– Докторанттарды қабылдағаннан кейінгі алғашқы екі ай ішінде БББ кафедра меңгерушілері ұсыныстары бойынша ғылым департаментінің директоры (докторанттардың

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ (PhD ДОКТОРАНТУРА)	13 бет, 40 беттен тұрады

өтініштері және болжамды ғылыми консультанттардың жазбаша келісімі негізінде) докторанттардың ғылыми консультанттарының кандидатураларын Қоғамның Ғылыми техникалық кеңесінің қарауына ұсынады.

– Ғылыми-техникалық кеңестің оң шешімі мен ұсынымын алғаннан кейін ғылыми консультанттардың кандидатуралары қоғамның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен докторанттарға тағайындалады және бекітіледі. Ғылыми кеңесшілер ғылым департаментіне (жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі) келесі құжаттарды ұсынады:

- ✓ түйіндеме CV;
- ✓ белгіленген нысанға сәйкес ғылыми еңбектер тізімі (3-қосымша);
- ✓ ғылымдарының докторы немесе кандидаты, PhD докторы дипломының көшірмесі;
- ✓ төлқұжат/жеке куәлік көшірмесі;
- ✓ толық байланыс деректері (пошта мекенжайы, телефондар (мобильді/ WhatsApp), электрондық пошта мекенжайы, Skype мекенжайы);
- ✓ жазбаша келісім беру.

10.16. Бекітілген ғылыми кеңесшіні ауыстыру

– Бекітілген ғылыми консультантты ауыстыру объективті себептер (денсаулық жағдайы бойынша, басқа жұмысқа ауысуға байланысты және т.б.) немесе форс-мажорлық мән-жайлар бойынша ғылыми басшылықты жүзеге асыра алмау сияқты ерекше жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін.

– Ғылыми кеңесші жетекшілік ететін проректордың атына оны докторанттың ғылыми басшылығынан босатуына себептерін көрсете отырып, өтініш береді. Докторант жаңа шетелдік консультанттың кандидатурасын анықтағаннан кейін докторант Басқарма Төрағасы-Ректордың атына шетелдік консультантты ауыстыру туралы өтініш жазады;

– Ғылыми комитеттің оң қорытындысын алғаннан кейін ғылыми консультанттардың кандидатуралары Қоғамның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

10.17. Отандық ғылыми консультант тарапынан міндеттемелер адал орындалмаған жағдайда консультант PhD докторанттарының одан әрі ғылыми басшылығынан шеттетілгенге дейін тәртіптік жаза қолданылады.

11. ТАҚЫРЫПТАРДЫ БЕКІТУ ТӘРТІБІ

11.1 Докторлық диссертацияның тақырыбы және ғылыми кеңесшіні бекіту Ғылыми кеңесте қаралады, БББ кафедра меңгерушілерінің ұсыныстары бойынша Қоғамның Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

11.2 Бітіруші кафедралар бірінші семестр ішінде докторлық диссертациялардың әзірленген тақырыбын Ғылыми техникалық кеңесте қарауға ұсынады.

11.3 Докторлық диссертацияның тақырыбы тиісті БББ-ның өзекті мәселелерінің барлық спектрін қамтуы және ұлттық басымдықтарды, мемлекеттік бағдарламаларды, іргелі немесе қолданбалы зерттеулер бағдарламасын іске асыруы тиіс.

11.4 Докторанттар диссертацияның болжамды тақырыбын осы Қағидаларда көрсетілген барлық талаптарға сәйкес келген жағдайда докторлық диссертация тақырыбын өздері таңдауға немесе ұсынуға құқылы.

11.5 Қоғамның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ағымдағы оқу жылының бірінші семестрі ішінде докторлық диссертация тақырыптарын бекіту туралы бұйрық шығарылады.

11.6. Докторант докторлық диссертация тақырыбына келесі жағдайларда бірінші оқу жылында өзгерістер енгізе алады:

- докторлық диссертациямен жұмыс барысында диссертацияның мәнін едәуір өзгертетін және бұрын бекітілген тақырыпқа даулы келетін жаңа мәліметтер ашылды;

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ (PhD ДОКТОРАНТУРА)	14 бет, 40 беттен тұрады

- ғылыми кеңесшілер бұрын бекітілген тақырыппен жұмыс істеуге білікті көмек пен басшылық жасай алмайды;
- ғылыми кеңесшілердің ұсынысы бойынша, зерттеу мәселесіне назар аудару және мәнін нақтылау мақсатында.

12. ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

ДФЗЖ процесін жоспарлау

12.1. Докторантураның білім беру бағдарламасының ғылыми компоненті докторанттың ғылыми-зерттеу (бұдан әрі – ДФЗЖ), ғылыми жарияланымдардан, докторлық диссертация жазудан және қорғаудан қалыптастырылады.

12.2. Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының көлемі докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 123 академиялық кредитті құрайды.

12.3. Ғылыми және педагогикалық бағытта оқитын докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – ДФЗЖ.

12.4. Докторант ЖОЖ негізінде білім алады, ол ғылыми кеңесшінің басшылығымен жасалады және жетекшілік ететін ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректормен бекітіледі.

12.5. ЖОЖ оқытудың барлық кезеңіне жасалады және мынадай бөлімдерден тұрады (ЖОЖ қажет болған жағдайда жыл сайын нақтылануы мүмкін):

- Ғылыми-зерттеу жұмысы (зерттеу тақырыбы, бағыты, мерзімдері және есеп беру нысаны);
- Практика (бағдарлама, база, мерзімдер және есеп беру нысаны);
- Негіздемесі мен құрылымы бар докторлық диссертация тақырыбы;
- Докторлық диссертацияны орындау жоспары;
- Ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалар жоспары (оның ішінде шетелдік).

ДФЗЖ-ға қойылатын талаптар

12.6. Философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша білім алушылардың ДФЗЖ-ға қойылатын талаптар:

- зерттеу тақырыбы докторлық диссертация қорғалатын БББ-ның негізгі мәселелеріне сәйкес келуі керек;
- өзекті болу, ғылыми жаңалықты және практикалық маңыздылықты қамту;
- ғылым мен практиканың қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделеді;
- компьютерлік технологияларды қолдана отырып, деректерді өңдеу мен түсіндірудің заманауи әдістеріне негізделеді;
- ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдана отырып орындалады;
- негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерін қамтуы;

12.7. Докторанттардың ғылыми жұмысын қолдау үшін қоғам тұрақты негізде ғылыми конференциялар, ғылыми семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізуді ұйымдастырады, ғылыми мақалалар жинақтары, ғылыми конференциялар тезистері шығарылады, ғылыми баспалардың өкілдерін тарта отырып ақпараттық кездесулер / семинарлар өткізіледі, жоспарланған бюджет шеңберінде жетекші шетелдік мамандар тартылады.

12.8. Докторанттар республика шегінде, сондай-ақ шетелде баяндамалары бар ғылыми конференцияларға белсенді қатысуға тиіс.

12.9. ДФЗЖ Ережеге 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша бекітілген жеке жұмыс жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады және ғылыми жетекшінің тікелей қатысуымен жасалады.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ (PhD ДОКТОРАНТУРА)	15 бет, 40 беттен тұрады

12.10. ДҒЗЖ ұйымдастыру сапасына докторант және олардың ғылыми жетекшілері жауап береді;

12.11. Ғылыми жетекшілер ДҒЗЖ ұйымдастыруды, оның сапалы ғылыми және әдістемелік жағын қамтамасыз етуге міндетті.

12.12. Ғылым департаменті (жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі) докторанттардың өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауына мониторинг жүргізіп, кафедра отырысында әр семестр сайын докторанттар жұмысының нәтижелерін талқылап, бағалауы тиіс.

12.13. Әр семестрде (кезенде) докторант ҒЗТҚЖ ұсынады және кафедра отырысында талқылаудан өтеді және оның нәтижелері бойынша келесі кезеңге өтеді (11.4-тармақ.). Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының қорытынды қорытындысы докторлық диссертация болып табылады.

12.14. Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері:

1) тақырыпты және ғылыми кеңесшіні тағайындау, 1 семестрдегі әдебиетке шолу (1 кезең):

- Отандық және шетелдік жетекшіні тағайындау;
- Докторлық диссертацияның құрылымы;
- Әдеби шолу/literature review;
- Докторлық диссертация тақырыбын бекіту;
- Диссертациялық зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін нақтылау;
- Докторанттың жеке ғылыми-зерттеу жоспарын бекіту;
- Әдебиетке шолу/literature review - зерттеудің теориялық негізі ретінде қолданылатын негізгі әдеби дереккөздерді таңдау және зерттеу. Әдебиеттерді шолудың негізі зерттелетін мәселенің теориялық аспектілерін, ғылыми монографиялар мен ғылыми журналдардың мақалаларын ашатын дереккөздер болуы керек.

2) ғылыми пропозолды қорғау (scientific proposal) 2 семестрде (2 кезең) теориялық құрылым / тұжырымдамалық шеңбер:

- докторанттардың бекітілген жеке ғылыми-зерттеу жоспары бойынша жұмыс жүргізу;
- докторанттың жеке жұмыс жоспарында көзделген өзге де іс-шараларды орындау;

3) 3 семестр (3 кезең) деректерді жинау:

- деректерді жинау / эксперимент / талдау / практика / зерттеу (диссертация үшін нақты материалды өңдеу және талдау, зерттеу тақырыбы бойынша графикалық кескіндерді және басқа иллюстрацияларды әзірлеу және жасау);

- докторанттың жеке жұмыс жоспарында көзделген өзге де іс-шараларды орындау;

- практика түрлерінен өту (педагогикалық, зерттеу, эксперименттік зерттеу);

- ғылыми мақаланы жариялау;

4) 4 семестр (4 кезең) зерттеу жүргізу:

- деректерді жинау / эксперимент / талдау / практика / зерттеу (диссертация үшін нақты материалды өңдеу және талдау, зерттеу тақырыбы бойынша графикалық кескіндерді және басқа иллюстрацияларды әзірлеу және жасау);

- докторанттың жеке жұмыс жоспарында көзделген өзге де іс-шараларды орындау;

- Ғылыми тағылымдамадан өту (1 айдан кем емес ғылыми тағылымдама (бағытына қарай шетелдік жоғары оқу орындары/ҒЗИ, келісім-шарттар негізінде);

- ғылыми мақаланы жариялау;

5) Зерттеу нәтижелерін 5 семестрде талқылау (5 кезең):

- докторлық диссертация жазу;

- докторанттың жеке жұмыс жоспарында көзделген өзге де іс-шараларды орындау;

- ғылыми тағылымдамадан өту (1 айдан кем емес ғылыми тағылымдама (бағытына қарай шетелдік жоғары оқу орындары/ҒЗИ);

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ (PhD ДОКТОРАНТУРА)	16 бет, 40 беттен тұрады

- ғылыми мақаланы жариялау.

6) Докторлық диссертацияны қорғауға ұсыну

осы саладағы білім беруді, ғылымды дамытуға қосқан үлесі / ұсыныстар / рефлексия / қорытынды - 6 семестрде (6 кезең) / ұсыныстар / рефлексиялар / қорытынды:

- докторанттың жеке жұмыс жоспарында көзделген өзге де іс-шараларды орындау;
- ғылыми тағылымдамадан өту (1 айдан кем емес ғылыми тағылымдама (бағытына қарай шетелдік жоғары оқу орындары/ҒЗИ);
- докторлық диссертацияның түпкілікті мәтінін дайындау және ресімдеу, зерттеу тақырыбы бойынша теориялық және эксперименттік жұмысты орындау;
- Этикалық комиссиядан өту үшін диссертация мен материалдар дайындау.

Бағалау жүйесі - алдын ала қорғаудан өту / Ғылыми комитет немесе арнайы комиссия алдында қорғауға докторлық диссертация ұсыну - 100 %.

13. ДҒЗЖ ОРЫНДАЛУЫН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

13.1. ДҒЗЖ орындалуын бақылау үшін ғылыми кеңесшінің қатысуымен арнайы кесте жасалады, кестені ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор бекітеді (4-қосымша).

13.2. ДҒЗЖ орындалуын бақылаудың негізгі міндеттері докторанттардың ғылыми жұмысын бағалау, докторанттың жеке жоспарының уақтылы орындалуын бақылау, докторлық диссертация жазуға дайындықты бақылау, бағыт бойынша дұрыс нәтижелерге қол жеткізу мақсатында зерттеулер жүргізу нәтижелерін талдау, докторанттардың қорғауға уақтылы шығуын қамтамасыз ету болып табылады.

13.3. Докторанттар бекітілген жеке жұмыс жоспары бойынша айына кемінде бір рет ғылыми кеңесшілерге есеп беруі және ғылыми жетекшімен келесі нысандарда кездесулер өткізуі тиіс:

- орындалған жұмыстардың жекелеген нәтижелері бойынша докторанттың есептерін талқылау;
- орындалған жұмыстардың нәтижелері бойынша әңгімелесу;
- докторант жұмысының әр кезеңінде дайындық деңгейін тексеру;
- жоспарланған ғылыми мақалалардың дайындалуын бақылау;
- ғылыми конференцияларға қатысуды талқылау.

13.4. Әрбір академиялық кезең аяқталғаннан кейін докторант кафедра отырысында өзінің ғылыми-зерттеу жұмысының қорытындыларын баяндауға міндетті.

13.5. ДҒЗЖ нәтижелерін бағалау үшін барлық бағыттарды қамтитын арнайы комиссия құрылады.

13.6. Кеңейтілген кафедра отырысына міндетті түрде факультет деканы, кафедра меңгерушісі, ғылым департаментінің директоры, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің мамандары және бағыттар бойынша профессор-оқытушылар құрамы қатысуға тиіс.

Кафедра отырысының шешімі хаттама түрінде көрсетіледі. Кафедра отырысының хаттамасынан үзінді докторанттың есебіне қоса беріледі.

13.7. ДҒЗЖ нәтижелерін бағалауға ғылыми жетекшілердің қатысуы міндетті.

13.8. Докторанттар Ғылым департаментіне ғылыми жетекшілердің қолымен расталған, ДҒЗЖ-ның 11-тармағында көрсетілген әрбір кезең бойынша бекітілген жеке жұмыс жоспары бойынша орындалған жұмыстардың нәтижелерін (5-қосымшаға сәйкес) есеп түрінде ұсынады.

13.9. ҒЗЖ нәтижелері бойынша кафедраның кеңейтілген отырысының төрағасы мен мүшелері докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша кредиттердің тиісті санын игеру (игермеу) туралы шешім қабылдайды.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ (PhD ДОКТОРАНТУРА)	17 бет, 40 беттен тұрады

13.10. Аттестаттау келесі жағдайларда өтпеген болып есептеледі:

- докторант бекітілген жоспар негізінде ДҒЗЖ нәтижелері туралы есепті уақтылы ұсынбаған жағдайда;
- әрбір кезең бойынша талаптар орындалмаған жағдайда;
- талаптарға сәйкес ғылыми мақаланы жарияламау;
- ғылыми тағылымдама кредитін игермеген жағдайда;
- ғылыми жұмыстардың нәтижелері бойынша этикалық зерттеулер стандарттарын сақтамаған кезде;
- академиялық адалдық бұзылған жағдайда.

13.11. Докторлық диссертацияның орындалуы туралы жылдық есептің нәтижелері бойынша аттестатталмаған докторантқа жазғы семестр аясында игерілмеген кредиттерді ақылы негізде игеру мүмкіндігі беріледі.

14. PhD ДОКТОРАНТТЫҢ ШЕТЕЛДІК ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАЛАРЫ

14.1. ДҒЗЖ шеңберінде инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін докторанттың жеке жұмыс жоспарында ғылыми ұйымдарда және/немесе тиісті салалардағы немесе қызмет салаларындағы ұйымдарда, оның ішінде шетелде тағылымдамадан міндетті түрде өту көзделеді.

14.2. Ғылыми тағылымдамадан өту орны білім беру бағдарламасының ғылыми бағытына, докторлық диссертация тақырыбына және шетелдік консультанттың жұмыс орнына сәйкес келеді.

